

СИЛЛАБУС
2024-2025 оқу жылының көктемгі семестрі
«7M02217-Шығыстану» білім беру бағдарламасы

Пәннің ID және атауы	Білім алушының өзіндік жұмысын (БӨЖ)	Кредиттер саны			Кредиттердің жалпы саны	Оқытушының жетекшілігімен білім алушының өзіндік жұмысы (ОБӨЖ)
		Дәрістер (Д)	Семинар сабақтар (СС)	Зерт. сабақтар (ЗС)		
106154 Шығыс елдеріндегі дәстүршілдік пен модернизация	3	1,7	3,3	-	5	7
ПӘН ТУРАЛЫ АКАДЕМИЯЛЫҚ АҚПАРАТ						
Оқыту түрі	Циклы, компоненті	Дәріс түрлері	Семинар сабақтарының түрлері	Қорытынды бақылаудың түрі мен платформасы		
<i>Оффлайн</i>	БП Таңдау компоненті	Талдау жасау, салыстыру	Доклад, презентация	Жазбаша емтихан (оффлайн) UNIVER		
Дәріскер (лер)	Алдабек Нұржамал Әбдіразаққызы, т.ғ.д.профессор					
e-mail:	Aldabek.Nurzhamal@gmail.com					
Телефоны:	87017106338					
Ассистент (тер)						
e-mail:						
Телефоны:						
ПӘННІҢ АКАДЕМИЯЛЫҚ ПРЕЗЕНТАЦИЯСЫ						
Пәннің мақсаты	Оқытудан күтілетін нәтижелер (ОН)*				ОН қол жеткізу индикаторлары (ЖИ)	
Дәстүрлі шығыс қоғамының сипаты мен модернизациялық өзгерістердің қалыптасуы, қазіргі даму жағдайлары, олардың ерекшеліктеріне қатысты мәселелерді қарастыру. Шығыс елдеріндегі қазіргі уақыттағы дәстүршілдік пен жаңашылдықтың себептерін, салдарын, типтерін және олардың өзіндік ерекшеліктері туралы кешенді білім беру. Шығыс халықтарының, халықаралық және аймақтық қатынастардағы заманауи саяси жағдай астарындағы дәстүршілдік пен жаңашылдық үрдістерінің үйлесімді даму ерекшеліктері жайлы түсінік қалыптастыру.	1. Магистрант осы пәнді оқу арқылы дәстүр мен дәстүршілдік және модернизация үрдісі туралы білімін қалыптастыруға мүмкіндік алады.				1.1. Шығыс елдеріндегі дәстүр мен дәстүршілдік және модернизациялық үрдістер туралы теорияларды түсінеді.	
	2. Шығыстанулық зерттеулердің теориясы мен әдіснамасын, шығыс қоғамындағы жағдайларды, эмпирикалық материалдарды, шығыстанулық зерттеулерді талдай алады.				1.2. Қазіргі замандағы Шығыс елдерінің тарихи аспектілерін сипаттай алады.	
	3 Ойлау мәдениеті, өзінің кәсіби мамандығының әлеуметтік маңызын түсіне отырып, кәсіби мамандығы бойынша қызмет атқаруда зор ынталылық таныта алады;				1.3. Шығыс қоғамына тән өзіндік үрдістердің теориялық және тарихи аспектілерін жіктей алады.	
				2.1. Шығыс елдеріндегі әлеуметтік және саяси жүйелердің қалыптасуы мен даму үрдісіне өз көзқарасын білдіре алады.		
				2.2. Мемлекеттегі дәстүршіл және модернистік топтардың бағыттарын талдайды.		
				2.3. Шығыс өркениеттерінің әртүрлі сипатқа ие өзгешеліктерінің ара салмағын бағалай алады.		
				3.1. Шығыстанулық зерттеулердің теориясы мен әдіснамасын магистрлік		

		жұмысында, басқа да жазба жұмыстарында қолданады.
		3.2. Шығыс қоғамындағы модернистік жағдайларды түсініп, оны саралай алады.
		3.3. Шығыстанулық эмпирикалық материалдарды талдай біледі, оның кезеңдерімен қарастыра отырып зерттеуді ұйымдастыра алады.
		3.4. Теориялық білімін қолданып, ақпараттарды жіктеп, оларды жұмысында қолдана алады.
	4 Дәстүршілдік пен модернизацияға қатысты терминологияларды игере отырып, қазіргі замандағы шығыстың дәстүрлі қоғамының сипатын, ағымдағы қоғамдық үрдістерді талдау және оған болжам жасауға қабілетті болады;	4.1 Жазбаша жұмыс барысында терминдерді пайдаланады, оның мазмұнына сәйкес тұжырым жасайды.
		4.2. Мамандығы бойынша шетелдік ақпараттарды саралайды.
		4.3. Кәсіби мамандығына сәйкес ақпараттарды қолдана біледі.
	5 Ғылыми пікірталастарға қатысу дағдысы, хабарламалар мен баяндамалар жасауға, ақпарат жүйелерінде ауызша, жазбаша түрде өз зерттеулері туралы материалдарды орналастыра білу қабілеті қалыптасуы тиіс.	5.1. Ғылыми пікірталастарға қатысады, хабарламалар мен баяндамалар жасай біледі.
		5.2. Ақпарат жүйелерінде ауызша, жазбаша түрде өз зерттеулері туралы материалдарды орналастыра біледі.
		5.3. Шығыс елдеріндегі болып жатқан демократиялық үрдістерге көзқарасын білдіріп, саралайды.
Пререквизиттер	Шығыс елін түрлі контекстінде зерттеудің пәнаралық тәсілдері	
Постреквизиттер	Шығыс елдеріндегі қазіргі заманғы саяси үдерістер	
Оқу ресурстары	<p>Әдебиет: Негізгі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Васильев, Л.С. История Востока. Высш. школа. Litres - 2021 2. Соловьев, В. Теория социальных систем. Том 4. Теория общественного устройства государственных образований. Litres, 2021. 3. Велаяти А.А. Исламская культура и цивилизация. Litres - 2017 4. Родригес А.. Реформация и модернизация религиозной и политической идеологии на Востоке (XIX-XX вв.). Litres - 2020 5. Федотова В. Модернизация и культура. Litres - 2017. 6. Саркисов К.О. Неоконсерватизм и теория "третьего пути": японский контекст. / Япония 2000: консерватизм и традиционализм. М., 2009. 7. Борзова Е., И. Бурдукова. Культура и политические системы стран Востока. Учебник для вузов. Litres, 2021.. <p>Қосыша:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Дж. Робинсон, Асемоглу Д.. Почему одни страны богатые, а другие бедные. Происхождение власти, процветания и нищеты. Litres, 2021. 2. Шагинян А. История стран Ближнего и Среднего Востока от поздней Античности до современности. Учебник для вузов. Litres, 2021. 3. Мухамеджанова Н. Основы современной цивилизационной теории. Litres, 2017. 4. Мальцев А. Модернизационная парадигма: теоретические подходы исторический опыт // Мировая Экономика и Международные Отношения. 2012. – № 4. – С. 105-108. 	

5. Расторгуев В. Н. и др. Традиционализм в эпоху революций: культурная политика и цивилизационный выбор. – 2017.
6. Мальцев А. Модернизационная парадигма: теоретические подходы исторический опыт // Мировая Экономика и Международные Отношения. 2012. – № 4. – С. 105-108

Интернет-ресурстар

Brasted, Howard, Imran Ahmed, and Shafi Md Mostofa. "Revisiting SP Huntington's 'The Clash of Civilizations' thesis." Routledge Handbook of Political Islam. Routledge, 2020. 393-410.
 URL: <https://www.taylorfrancis.com/chapters/edit/10.4324/9780429425165-29/revisiting-huntington-clash-civilizations-thesis-howard-brasted-imran-ahmed-shafi-md-mostofa>
 2. Смирнов Д. А. Идейные истоки и эволюция теории модернизации КНР // <http://www.tellur.ru/~historia/archive/07/smirnov.htm>

Пәннің академиялық саясаты

Пәннің академиялық саясаты әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Академиялық саясатымен және академиялық адалдық Саясатымен айқындалады.

Құжаттар Univer ИЖ басты бетінде қолжетімді.

Ғылым мен білімнің интеграциясы. Студенттердің, магистранттардың және докторанттардың ғылыми-зерттеу жұмысы – бұл оқу үдерісінің тереңдетілуі. Ол тікелей кафедраларда, зертханаларда, университеттің ғылыми және жобалау бөлімшелерінде, студенттік ғылыми-техникалық бірлестіктерінде ұйымдастырылады. Білім берудің барлық деңгейлеріндегі білім алушылардың өзіндік жұмысы заманауи ғылыми-зерттеу және ақпараттық технологияларды қолдана отырып, жаңа білім алу негізінде зерттеу дағдылары мен құзыреттіліктерін дамытуға бағытталған. Зерттеу университетінің оқытушысы ғылыми-зерттеу қызметінің нәтижелерін дәрістер мен семинарлық (практикалық) сабақтар, зертханалық сабақтар тақырыбында, силлабустарда көрініс табатын және оқу сабақтары мен тапсырмалар тақырыптарының өзектілігіне жауап беретін ОБӨЗ, БӨЗ тапсырмаларына біріктіреді.

Сабаққа қатысуы. Әр тапсырманың мерзімі пән мазмұнын іске асыру күнтізбесінде (кестесінде) көрсетілген. Мерзімдерді сақтамау баллдардың жоғалуына әкеледі.

Академиялық адалдық. Практикалық/зертханалық сабақтар, БӨЖ білім алушының дербестігін, сыни ойлауын, шығармашылығын дамытады. Плагиат, жалғандық, шпаргалка пайдалану, тапсырмаларды орындаудың барлық кезеңдерінде көшіруге жол берілмейді. Теориялық оқыту кезеңінде және емтихандарда академиялық адалдықты сақтау негізгі саясаттардан басқа «Қорытынды бақылауды жүргізу Ережелері», «Ағымдағы оқу жылының күзгі/көктемгі семестрінің қорытынды бақылауын жүргізуге арналған Нұсқаулықтары», «Білім алушылардың тестілік құжаттарының көшіріліп алынуын тексеру туралы Ережесі» тәрізді құжаттармен регламенттеледі.

Инклюзивті білім берудің негізгі принциптері. Университеттің білім беру ортасы гендерлік, нәсілдік/этникалық тегіне, діни сенімдеріне, әлеуметтік-экономикалық мәртебесіне, студенттің физикалық денсаулығына және т.б. қарамастан, оқытушы тарапынан барлық білім алушыларға және білім алушылардың бір-біріне әрқашан қолдау мен тең қарым-қатынас болатын қауіпсіз орын ретінде ойластырылған. Барлық адамдар құрдастары мен курстастарының қолдауы мен достығына мұқтаж. Барлық студенттер үшін жетістікке жету, мүмкін емес нәрселерден гөрі не істей алатындығы болып табылады. Өртүрлілік өмірдің барлық жақтарын күшейтеді.

Барлық білім алушылар, әсіресе мүмкіндігі шектеулі жандар, телефон/e-mail Aldabek.Nurzhamal@gmail.com немесе MS Teams-тегі бейне байланыс арқылы кеңестік көмек ала алады.

МООС интеграциясы (massive openonline course). МООС-тың пәнге интеграциялануы жағдайында барлық білім алушылар МООС-қа тіркелуі қажет. МООС модульдерінің өту мерзімі пәнді оқу кестесіне сәйкес қатаң сақталуы керек.

Назар салыңыз! Әр тапсырманың мерзімі пәннің мазмұнын іске асыру күнтізбесінде (кестесінде) көрсетілген, сондай-ақ МООС-та көрсетілген. Мерзімдерді сақтамау баллдардың жоғалуына әкеледі.

БІЛІМ БЕРУ, БІЛІМ АЛУ ЖӘНЕ БАҒАЛАНУ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Оқу жетістіктерін есептеудің баллдық-рейтингтік әріптік бағалау жүйесі

Бағалау әдістері

Баға	Баллдардың сандық баламасы	% мәндегі баллдар	Дәстүрлі жүйедегі баға
A	4,0	95-100	Өте жақсы

Критериалды бағалау – айқын әзірленген критерийлер негізінде оқытудың нақты қол жеткізілген нәтижелерін оқытудан күтілетін нәтижелерімен ара салмақтық процесі. Формативті және жиынтық бағалауға негізделген.

A-	3,67	90-94		<p>Формативті бағалау – күнделікті оқу қызметі барысында жүргізілетін бағалау түрі. Ағымдағы көрсеткіш болып табылады. Білім алушы мен оқытушы арасындағы жедел өзара байланысты қамтамасыз етеді. Білім алушының мүмкіндіктерін айқындауға, қиындықтарды анықтауға, ең жақсы нәтижелерге қол жеткізуге көмектесуге, оқытушының білім беру процесін уақтылы түзетуге мүмкіндік береді. Дәрістер, семинарлар, практикалық сабақтар (пікірталастар, викториналар, жарыссөздер, дөңгелек үстелдер, зертханалық жұмыстар және т.б.) кезінде тапсырмалардың орындалуы, аудиториядағы жұмыс белсенділігі бағаланады. Алынған білім мен құзыреттілік бағаланады.</p> <p>Жиынтық бағалау – пән бағдарламасына сәйкес бөлімді зерделеу аяқталғаннан кейін жүргізілетін бағалау түрі. БӨЖ орындаған кезде семестр ішінде 3-4 рет өткізіледі. Бұл оқытудан күтілетін нәтижелерін игеруді дескрипторлармен арақатынаста бағалау. Белгілі бір кезеңдегі пәнді меңгеру деңгейін анықтауға және тіркеуге мүмкіндік береді. Оқу нәтижелері бағаланады.</p>														
B+	3,33	85-89	Жақсы															
B	3,0	80-84																
B-	2,67	75-79																
C+	2,33	70-74																
C	2,0	65-69	Қанағаттанарлық															
C-	1,67	60-64																
D+	1,33	55-59																
D	1,0	50-54																
FX	0,5	25-49	Қанағаттанарлықс															
F	0	0-24	ыз															
				<table border="1"> <tr> <th>Формативті және жиынтық бағалау</th> <th>% мәндегі баллдар</th> </tr> <tr> <td>Дәрістердегі белсенділік</td> <td>9</td> </tr> <tr> <td>Практикалық сабақтарда жұмыс істеуі</td> <td>31,2</td> </tr> <tr> <td>Өзіндік жұмысы</td> <td>19,8</td> </tr> <tr> <td>Жобалық және шығармашылық қызметі</td> <td></td> </tr> <tr> <td>Қорытынды бақылау (емтихан)</td> <td>40</td> </tr> <tr> <td>ЖИЫНТЫҒЫ</td> <td>100</td> </tr> </table>	Формативті және жиынтық бағалау	% мәндегі баллдар	Дәрістердегі белсенділік	9	Практикалық сабақтарда жұмыс істеуі	31,2	Өзіндік жұмысы	19,8	Жобалық және шығармашылық қызметі		Қорытынды бақылау (емтихан)	40	ЖИЫНТЫҒЫ	100
Формативті және жиынтық бағалау	% мәндегі баллдар																	
Дәрістердегі белсенділік	9																	
Практикалық сабақтарда жұмыс істеуі	31,2																	
Өзіндік жұмысы	19,8																	
Жобалық және шығармашылық қызметі																		
Қорытынды бақылау (емтихан)	40																	
ЖИЫНТЫҒЫ	100																	

Оқу курсының мазмұнын іске асыру күнтізбесі (кестесі). Оқытудың және білім берудің әдістері.

Аптасы	Тақырып атауы	Сағат саны	Макс. балл
МОДУЛЬ 1 Дәстүр мен дәстүршілдік және шығыс қоғамы			
1	Д 1. Кіріспе. «Шығыс өркениетіндегі дәстүршілдік және жаңашылдық» пәнінің мақсаты мен міндеттері. СС1. Дәстүр мен дәстүршілдік туралы жалпы түсініктер	1 2	2 9
2	Д 2. Шығыс қоғамының дамуындағы дәстүрлер мен заманауи беталыстардың теориялық және методологиялық мәселелері СС 2. Шығыс өркениетінің ерекшеліктері туралы теориялық мәселелер.	1 2	2 9
3	Д 3. Шығыстық өркениеттер және оның дәстүрлі негіздері СС 3. Қоғам дамуындағы дәстүршілдіктің алатын орны. Үнді мәдениетіндегі дәстүршілдіктің сипаттары. Дәстүрлі араб өркениетінің сақталу негіздері ОБӨЖ 1. БӨЖ 1- орындау бойынша кеңес беру.	1 2	2 9
4	Д 4. Шығыс халықтарының салт-дәстүрінің ортақтығы мен өзгешеліктері СС 4. Шығыс өркениетіндегі мәдениеттің дәстүршілдік сипаттары Түркі тектес халықтардың салт-дәстүрінің ортақтығы мен түркі әлемінің дамуындағы дәстүршілдіктің алатын орны	1 2	2 9
5	Д 5. Шығыстың ежелгі дәстүрлі қоғамы және оның сипаттары. СС 5. Қазіргі Шығыс қоғамының саяси билігіндегі дәстүршілдік көріністер. Қытай қоғамындағы дәстүршілдік көріністер БӨЗ 1 орындау. «Шығыс қоғамының экономикасы мен шаруашылығын дамытудағы модернизацияның маңызы» (эссе, презентация)	1 2	2 9 23
6	Д 6. Шығыс елдеріндегі жаңғыру немесе модернизацияның басталу кезеңдері СС 6. Отаршылдық кезеңіндегі Шығыстағы жаңару үрдісінің ерешеліктері.	1 2	2 9
7	Д 7. Модернизациялық үрдістің шығыс елдеріндегі даму кезеңдері. СС 7. Шығыс елдеріндегі экономика саласындағы жаңару үрдістері және оның көріністері	1 2	2 9

	ОБӨЖ 2. Аралық бақылау бойынша кеңестер		
Аралық бақылау 1			100
МОДУЛЬ 2 Шығыс қоғамындағы модернизациялық үрдістер.			
8	Д 8. Жаңғыру үрдісінің шығыс қоғамының мемлекеттік құрылымы мен саяси жүйесіндегі сипаттары. СС 8. Модернизация үрдісінің шығыстық сипаттары	1 2	2 7
ОБӨЖ 3. БӨЖ 2 орындау бойынша кеңестер			
9	Д 9. Қиыр Шығыс елдерінің жаңғыру үрдісінің жетістіктері СС 9. Шығыс әлеміндегі жаңару үрдісінің сипаты мен салдарлары	1 2	2 7
10	Д 10. Қазіргі кезеңдегі Шығыс елдерінің рухани өміріндегі жаңару үрдісінің сипаттары СС 10. Шығыс елдеріндегі ұлттық бірегейлікті ұстану жолдары. ОБӨЖ 4. БӨЖ 2 орындау. «Ғылым мен білімнің модернизацияға қосқан үлесі» Презентация (эссе)	1 2	2 7 14
11	Д 11. Модернизациялық үрдістің жаңа кезеңі. СС 11. Шығыс өркениеттері: дәстүршілдіктен алшақтау және жаңару үрдісіне бетбұрыс. ОБӨЖ 5 БӨЖ 3 орындау бойынша кеңестер	1 2	2 7
12	Д 12. Дәстүрлі қоғам мен заманауи қоғамының үйлесімділігінің ерекшеліктері СС 12. Модернизация мен дәстүршілдіктің үйлесімділігі	1 2	2 7
13	Д 13. Шығыс елдеріндегі мәдениет пен ғылым саласындағы модернизациялық үрдістердің дәстүрлі рухани өмірге әсері. СС 13. Қала мен ауыл өміріндегі дәстүршілдік пен модернизацияның көріністері. ОБӨЖ 6. БӨЖ 3 орындау. «Шығыс елдерінің ақпараттық жүйесіне модернизацияның әсері» (эссе, презентация)	1 2	2 7 14
14	Д 14. Батыстық және шығыстық либералдық демократияның өзіндік ерекшеліктері. СС 14. Саяси жүйені, әлеуметтік құрылымды реформалау жұмыстары және шығыстық демократияның көріністері.	1 2	2 7
15	Д 15. Жаһандану заманындағы шығыс қоғамының бейнесінің өзгеру үрдістері СС 15. Шығыс елдеріндегі модернизация үрдісінің негізгі қорытындылары. ОБӨЖ 7. Емтихан тапсырмасы бойынша кеңес беру	1 2	2 7
Аралық бақылау 2			100
Қорытынды бақылау (емтихан)			100
Пән үшін жиынтығы			100

Декан _____ **Ем Н.Б.**

Оқыту және білім беру сапасы бойынша
Академиялық комитетінің төрағасы _____ **Снипина А.К.**

Кафедра меңгерушісі _____ **Керимбаев Е.А.**

Дәріскер _____ **Алдабек Н.Ә.**



**ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУ РУБРИКАТОРЫ
ОҚУ НӘТИЖЕЛЕРІН БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ**

БӨЖ 1. «Шығыс қоғамының экономикасы мен шаруашылығын дамытудағы модернизацияның маңызы» (презентация) (АБ 100%-ның 20%)

Критерий	«Өте жақсы» 20-25 %	«Жақсы» 15-20%	«Қанағаттанарлық» 10-15%	«Қанағаттанарлықсыз» 0-10%
Шығыс қоғамының экономикасы мен шаруашылығын дамытудағы модернизацияның маңызына талдау жасау	Шығыс елдерінің экономикасының саяси ілімдердің алатын орнын, модернизацияның маңызын айқындап, оқитын елдің мысалында өзіндік көзқарасын білдіру, тарихы мен қазіргі көрінісін сараптау	Шығыс елдерінің экономикалық дамуына шолу жасап, шаруашылық алатын орнын талдау.	Шығыс елдерінің экономикалық дамуын баяндау, модернизацияның Шығыс экономикасы мен шаруашылығы дамытудағы маңызына біржақты талдау жасап, өзіндік көзқарасын айқын білдіре алмау.	Шығыс елдерінің экономикалық дамуын, модернизацияның Шығыс экономикасы мен шаруашылығын дамытудағы маңызын білмеу, тарихы мен қазіргі көрінісіне салыстырмалы талдау жасай алмау.
Презентация мазмұны	Тақырып толығымен ашылды және модернизацияның Шығыс экономикасы мен шаруашылығы дамытудағы маңызы айқындалып, оның әлемдік экономикадағы алатын орнына талдау жасап, өзіндік көзқарасын білдірді	Тақырып жақсы ашылды және модернизацияның Шығыс экономикасы мен шаруашылығы дамытудағы маңызына салыстырмалы талдау жасалды	Тақырып толығымен ашылмады және модернизацияның Шығыс экономикасы мен шаруашылығы дамытудағы маңызы толық айқындалмады, негізгі ойлар толыққанды қамтылмады.	Тақырып мүлдем ашылмады және Шығыс экономикасы мен шаруашылығы дамытудағы модернизацияның маңызы аз қамтылды
Презентация сапасы, жеке жұмыс деңгейі	Тамаша, тартымды презентация, визуалды эффектілердің, слайдтардың, материалдардың жоғары сапасы, терең зерттеу жұмысы.	Визуалды эффектілердің, слайдтардың немесе басқа материалдардың жақсы сапасы, зерттеу жұмысының жақсы деңгейі.	Материалдардың қанағаттанарлық сапасы, зерттеу жұмысының қанағаттанарлық деңгейі.	Материалдардың сапасыздығы, зерттеу жұмысының нашар деңгейі.
Жазу, APA style	Жазу айқындықты, нақтылықты және дұрыстығын көрсетеді. APA style-ды қатаң ұстанады.	Жазу айқындықты, нақтылықты және дұрыстығын көрсетеді. Негізінен APA style-ды ұстанады.	Жазуда кейбір негізгі қателер бар және анықтықты жақсарту қажет. APA style-ды ұстануда қателіктер бар.	Жазғаны түсініксіз, мазмұнына ілесу қиын. APA style-ды ұстануда көптеген қателіктер бар.

БӨЖ 2. «Ғылым мен білімнің модернизацияға қосқан үлесі». (эссе, презентация) (АБ 100%-ның 20%)

Критерий	«Өте жақсы» 20-25 %	«Жақсы» 15-20%	«Қанағаттанарлық» 10-15%	«Қанағаттанарлықсыз» 0-10%
----------	------------------------	-------------------	-----------------------------	-------------------------------

Ғылым мен білімнің модернизацияға қосқан үлесіне талдау жасау	Ғылым мен білімнің модернизацияға қосқан үлесіне талдау жасап, өзіндік көзқарасын білдіру	Ғылым мен білімнің модернизацияға қосқан үлесіне талдау жасағанымен, өзіндік көзқарасын айқын көрсете алмайды	Ғылым мен білімнің модернизацияға қосқан үлесін жанама түрде баяндау	Ғылым мен білімнің модернизацияға қосқан үлесін дұрыс түсінбеу.
Ғылым мен білімнің Шығыс қоғамындағы орнына талдау жасау	Шығыс өркениетіндегі алатын орнын зерделеу.	Ғылым мен білімнің Шығыс қоғамындағы орнына жартылай талдау жасай алады	Ғылым мен білімнің Шығыс қоғамындағы орнын байланыстыра алмайды.	Ғылым мен білімнің Шығыс қоғамындағы орнына туралы білімінің болмауы.
Ойлаудың дербестігі және түпнұсқалығы	Жұмыс дербес талдауды, Ғылым мен білімнің Шығыс қоғамындағы орнына өзіндік көзқарасын білдіруде жоғары қабілетті қажет етеді	Дербес талдаудың көріністері бар, бірақ жұмыс өз қорытындыларына қарағанда қайталама көздерге негізделеді. өзіндік ой қорыта алмайды.	Дербес қорытындылар аз, жұмыс негізінен материалды қайта баяндауға негізделеді.	Жеке дара ойлардың болмауы, деректерді талдаусыз қайталау.
Жазу, APA style	Жазу айқындықты, нақтылықты және дұрыстығын көрсетеді. APA style-ды қатаң ұстанады.	Жазу айқындықты, нақтылықты және дұрыстығын көрсетеді. Негізінен APA style-ды ұстанады.	Жазуда кейбір негізгі қателер бар және анықтықты жақсарту қажет. APA style-ды ұстануда қателіктер бар.	Жазғаны түсініксіз, мазмұнына ілесу қиын. APA style-ды ұстануда көптеген қателіктер бар.

БӨЖ 3. «Шығыс елдерінің ақпараттық жүйесіне модернизацияның әсері» (эссе, Презентация) (АБ 100%-ның 20%)

Критерий	«Өте жақсы» 20-25 %	«Жақсы» 15-20%	«Қанағаттанарлық» 10-15%	«Қанағаттанарлықсыз» 0-10%
Модернизацияның шығыс елдерінің ақпараттық жүйесіне әсері, ерекшелігін түсіну, олардың тарихымен байланысына қатысты пікірін білдіру	Ақпараттық жүйесі тарихына тоқталып, модернизацияның шығыс елдерінің дамуына әсерін, діни ілімдерге және олардың негізгі идеялары мен рухани мәдениетіне ықпалын толық ашуы, оның ішінде әлеуметтік-саяси және мәдени аспектілер.	Ақпараттық жүйесін жақсы біледі, бірақ Модернизацияның шығыс елдерінің ақпараттық жүйесіне әсері жеткілікті түрде ашылмаған күйінде қалады.	Модернизацияны үстірт түсіну, Модернизацияның шығыс елдерінің ақпараттық жүйесіне әсері терең талдамау	Модернизацияның шығыс елдерінің ақпараттық жүйесіне әсерін дұрыс немесе жеткілікті түсінбеу
Модернизацияның шығыс елдерінің ақпараттық жүйесіне әсеріне талдау жасап, өзіндік көзқарасын білдіру.	Модернизацияның шығыс елдерінің ақпараттық жүйесіне әсеріне талдау жасап, өзіндік көзқарасын білдіреді.	Модернизация туралы жалпы біледі, бірақ мазмұнын егжей-тегжейлі талдауда немесе модернизацияның шығыс елдерінің ақпараттық жүйесіне әсері терең	Модернизацияның шығыс елдерінің ақпараттық жүйесіне әсері мен ерекшелігі терең талданбаған.	Модернизацияның шығыс елдерінің ақпараттық жүйесіне әсері жеткілікті түрде ашылмаған немесе қате түсіндірілген.

		талдаудың болмауында кемшіліктер бар.		
Презентация мазмұны	Жұмыс өзіндік талдаудың жоғары деңгейін және тиянақты қорытындыларды көрсетеді. Студент модернизацияның шығыс елдерінің ақпараттық жүйесіне әсері сыни тұрғыдан талдайды.	Талдау бар, бірақ жұмыс қайталама көздерге көбірек сүйенеді және дербестіктің үлкен деңгейін талап етеді.	Жұмыс негізінен модернизация жайлы материалдарды көрсеткенімен, дербес қорытындылар нашар жасалаған.	Дербес қорытындысыз, терең талдаудың болмауы.
Презентация сапасы, жеке жұмыс деңгейі	Тамаша, тартымды презентация, визуалды эффектілердің, слайдтардың, материалдардың жоғары сапасы, терең зерттеу жұмысы.	Визуалды эффектілердің, слайдтардың немесе басқа материалдардың жақсы сапасы, зерттеу жұмысының жақсы деңгейі.	Материалдардың қанағаттанарлық сапасы, зерттеу жұмысының қанағаттанарлық деңгейі.	Материалдардың сапасыздығы, зерттеу жұмысының нашар деңгейі.